

қорғау және халықтың ұлттық санасын ояту үшін күресті. Оның заңгер ретінде атқарған еңбектері мен саяси қайраткер ретіндегі белсенділігі қазақ тарихындағы маңызды беттерді айқындайды.

Қаратаев әулетінің ағартушылық қызметі де қазақ қоғамының мәдени және рухани дамуына үлкен үлес қосты. Әулет мүшелері білім беруді дамыту мен ұлттық мәдениетті қолдауға ерекше назар аударды. Қаратаевтың және оның әулетінің қызметтері қазақ халқының ағарту саласында, ұлттық құндылықтарды сақтауда және жастарды тәрбиелеуде орасан зор рөл атқарды. Олардың еңбегі жас ұрпаққа тағылым боларлық үлгі болып, рухани мұраның негізгі бөлігін құрайды.

Бақытжан Қаратаевтың мұрасы бүгінгі тәуелсіз Қазақстан үшін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Оның демократиялық қағидаттарға негізделген идеялары, ұлттық бірлік пен әділеттілікке ұмтылысы қазіргі қазақ қоғамы үшін аса маңызды болып қала береді. Қаратаевтың өмірі мен идеялары ұлттық рухты нығайту мен тәуелсіздікті қорғау жолында бізге өшпес үлгі ұсынады.

Қорытындылай келе, Бақытжан Қаратаевтың және оның әулетінің тарихы қазақ халқының ұлттық санасының қалыптасуы мен жаңғыруында маңызды рөл атқарады. Олардың ұмтылыстары мен еңбектері – ұлттық мәдениетімізді, тілімізді және рухани құндылықтарымызды сақтап қалудың жарқын мысалы. Қаратаевтың мұрасын ұлықтау және оны болашақ ұрпаққа жеткізу – біз үшін үлкен міндет әрі болашақтың жарқын болуына үлес қосатын тарихи жауапкершілік. Оның өмір жолы мен еңбектері қазақ халқының рухани жаңғыруы мен ұлттық сананы қалыптастыруда маңызды қадамдар болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қаратаев, Б. Қазақ жерін қорғау мәселелері. - Алматы: Қазақ университеті, 1998. - 320 б.
2. Абылқасымов, С. Бақытжан Қаратаев: өмірі мен қызметі. - Астана: Елбасылар баспасы, 2005. - 275 б.
3. Мұратов, Қ. Қазақ зиялылары және тәуелсіздік идеясы. - Алматы: Мектеп баспасы, 2020. - 188 б.
4. Тарихи тұлғалар энциклопедиясы. - Алматы: Қазақстан баспасы, 2012. - 540 б.
5. Бөкейханов, Ә. Қазақ даласындағы жер мәселесі. - Алматы: Санат, 1995. - 230 б.
6. Сейдалиев, Ж. Қазақтың саяси тарихы. - Орал: Тұмар, 2004. - 192 б.
7. Құлманов, Б. Мемлекеттік Думадағы қазақ зиялыларының қызметі. - Алматы: Дәуір, 2011. - 210 б.
8. Тынышпаев, М. Алаш және азаттық қозғалыстары. - Семей: Азаттық, 2007. - 160 б.
9. Алдабергенов, Т. Қазақтың жерге құқықтары: тарих және қазіргі заман. - Тараз: Тараз университеті, 2015. - 147 б.
10. «Айқап» журналының мұрағаты (1911-1915 жылдар). - Алматы: Қазақстан ұлттық кітапханасы, 2019. - 390 б.

## **ЖАҚЫП АҚБАЕВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ТҰЖЫРЫМДАСЫ - «ҚАРҚАРАЛЫ ПЕТИЦИЯСЫ»**

Боранбай С.Қ.

Ғылыми жетекшісі: Орынбекова Р.Ж., аға оқытушы, т.ғ.м.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

[kanatovnaaa09@gmail.com](mailto:kanatovnaaa09@gmail.com)

Қарағанды қ.

Қазақ халқының ғасырларға созылған ұлт-азаттық күресінің шырқау шыңы 1905 жылғы оқиғаларға байланысты екендігі тарихи ақиқат. 1905-1907 жылға дейінгі кезеңде бірінші орыс революциясының жаңғырығы Қазақстан жеріне де жетті. Әлихан Бөкейханов, Жақып Ақбаев сынды қазақ зиялылары Бірінші орыс төңкерісі деген атпен тарихта қалған Ресейдегі ұлы бүліншілікті қазақ пайдасына шешуге ұмтылды. Бұл қазақ азаттық қозғалысының жаңа кезеңінің басталуына себеп болды. Отаршыл мемлекеттің іргесі сөгіліп, шаңырағы шайқалған сәтті пайдаланып, қазақ халқының тәуелсіздік күресін бастап кетті. Әлбетте, қару көтеріп, қантөгіс жолымен емес, саяси-әлеуметтік, экономикалық-құқықтық талаптар қою арқылы өркениетті жолмен Қазақ мемлекетін құрудың жолдарын іздестірді. Ол үшін алдымен орыс империясының құрамындағы жұрт ретінде қазақтар өздерінің заңды құқықтарына кепілдік беруді талап етті [1].

Осы тұрғыда арыз-шағымдарға негізделген петициялар алғашында дін қызметкерлері тарапынан болды. Уақыт өте келе, жағдай өзгеріп, бірінші орыс революциясы тұсында петиция жазуды қазақ қоғамының сауатты, зиялы өкілдері өз қолдарына алды. Петициялар алғашында уезд бастықтарына, әскери губернияларға, генерал-губернаторлардың, Ішкі істер министріне, тіпті Ресей императорына жолданды. Петициялар Қазаннан, Оралдан, Лепсіден, Қарқаралыдан және басқа да жерлерден жібертілді. Қазақ елінің мұқтажын білдірген арыз-тілектер Оралда, Қарқаралыда, Жетісуда, яғни кең-байтақ қазақ даласының барлық аймақтарында жазылды [2,476.].

Қазақ зиялыларының алғашқы баспа жүзін көрген бағдарламалы ой-пікірлер жиынтығы Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, 1500 адамның қолы қойылып, Петербургке жіберілген әйгілі «Қарқаралы петициясы» (арыз-тілегі) болды.

Қазақ халқының ұлттық санасының оянуына серпін берген, 1905 жылдың 4 қазанында “Сын Отчества” басылымының 173 санында көрген бұл петиция туралы М.Әуезов: «1905 жылы Қарқаралыда Ахан мен басқа біраз оқығандар бас қосып, кіндік өкіметке қазақ халқының атынан петиция (арыз-тілек) жіберген. Ол петицияда аталған сөздер бірінші, жер мәселесі, екінші қазақ жұртына земство беруді сұраған, үшінші қазақ жұртын муфтиге қаратуды сұраған. Ол күндері қазақ баласының дертті мәселелері осы болғандықтан, Ахандар бастаған іске қыр қазағының ішінде тілеулес кісілер көп шыққан, көпшіліктің оянуына себепші болған», - деп жазды [3, 296 б.].

Қазақ зиялыларының бірі Т.Рысқұлов : «Революция 1905 г. дает большой толчок оживлению мысли среди восточных народностей, в том числе и среди казахов. В связи с манифестом 1905 года устраиваются среди казахов митинги и пишутся петиции на тему о религии и земле. Среди казахского населения и казахской интеллигенции еще не было политических партий, а отдельные группы общественных деятелей в той или иной степени примыкали и сочувствовали некоторым политическим партиям, существовавшим тогда в России» [4].

Қарқаралы XX ғ. басындағы саяси қозғалыстың бастауы – бесігі болды. Құжатта алғашқы рет қазақ халқының арманы мен империяға тең құқық, тәуелсіздік талаптары қойылды. Петицияда халық мүддесімен, тарихи құқықтармен санасу, жоғарыда атап көрсетілгендей, жер мәселесі, мемлекеттің ішкі ісіне араласпау, тағы басқа ұлттық мәні бар мәселелер қарастырылды. Осы құжаттан қазақ ұлтшылығының идеялық өзегі «менің ұлтым өзгеден артық» сияқты мазмұндағы ой емес, елім, халқым деген саналы азаматтың құлдықтан азаттыққа ұмтылған жұртын өзгемен тең дәрежеге жеткізу жолындағы жанкешті қызметке әзірлігін білдіретін саяси ұстаным болатын [2, 49 б.].

Бұл петиция өкімет орындарын қорқытты. Себебі елдегі олықтықтар патшаға жазылған петицияда ашықтан ашық баяндалды. Онымен қоса петицияға қол қойғандар түгелге жуық ел арасындағы беделді қазақтар еді.

Петицияда: "Администрация упустила совсем из виду, что киргизские степи не завоеваны, а добровольно перешли в подданство России. Киргизы приняли русское подданство в видах внешней защиты, не предполагая какого-либо вмешательства во внутренние дела, в насильственном же вторжении государства в сферу религиозных дел киргизы видят явное посягательство на их веру и относятся о недоверием к действиям правительства вообще и к открываемым им школам в частности. Таким образом, плохо понятная и неуместная обрусительная политика, запрещающая мусульманские школы и не завоевав доверие народа к русским школам принесла только вред задерживания развитие духовной силы народа". [5].

Осы құжаттың жасалуы туралы мәлімет жетісімен Омбыдан Қарқаралыдағы уезд басшысына петицияны ұйымдастырушыларды анықтап, іс қозғау жөнінде Дала генерал-губернаторының кеңсе бастығы Лосевскийден шұғыл түрде құпия жеделхат жіберілді. Омбыдағы сот палатасының аға басқарушысы А.А.Кобылин Дала генерал-губернаторы Н.Н.Сухотиннен петицияны ұйымдастырушыларға қарсы Омбы сот палатасының іс қозғауы қажет деген жеделхатын алды. Құпия түрде жүргізілген тексеру бойынша петицияны ұйымдастырушылары Ә.Бөкейханов, Ж.Ақбаев болды. Жоғарыда айтылған ақпаратты жеделхаттың түпнұсқасын жасаушы және оны Омбыдан Қарқаралыға құпия түрде жеткізуші Омбы сот палатасының сот ісінің кандидаты Ж.Ақбаев екендігі айтылған. Өз ісінің білгір маманы, заңгер қазақ бұқарасының арасында зор беделге ие заң магистрі Ж.Ақбаев пен Ә.Бөкейханның бұл іске араласуы Ресей әкімшілік орындарында үлкен үрей туғызды [2, 56 б.].

Ресей үкіметінің әкімшілік орындарына үрей туғызған Жақып Ақбаевтың кім еді? Жақып Ақбаев 1876 жылы 7 қараша күні Қарқаралы оязының Берқара ауданындағы №3 ауылында Қарқаралы өңіріне белгілі, ауқатты отбасында дүниеге келген. Саяси қуғын-сүргін кездерінде әкесін - кедей, өзін жалшы ретінде көрсетуі де осы себептен еді. Ақбайдың үміт еткен үшінші ұлы Жақып 1886 жылы Қарқаралыдағы орыс-қазақ мектебінің интернатына беріліп, оны бітіргеннен кейін Омбы гимназиясына түсіп, кейін Томск гимназиясына ауысты. Ол Омбы гимназиясында жеті жыл және Томск гимназиясында бір жыл білім алады. 1898 жылы Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне түсті. Жақып Ақбаев Ресейдің беделді оқу орнының студенті болған екінші қазақ еді [6, 9 б.].

Петербург университетінде оқып жүргенде-ақ патша үкіметі мен отаршылдық саясатына кәміл сеніммен қарсы болған Жақып, әрқашан қантөгіс және қарапайым халыққа қайғы-қасірет әкелетін революциялық зорлық-зомбылықты жақтаған емес. Керісінше қоғам үшін ондай өткір мәселені заңды, ашық сынау, әшкерелеу арқылы шешетін кез келді деп есептейді. Ақбаев жүгенсіз отаршыл үкіметтің саясатына студент кезінен қарсы күресті бастаған болатын. Үкімет сол кездің зиялы қоғам өкілдерін саясатқа араластырмай, алшақ ұстағысы келіп, екеуінің арасына қытай қорғанын салғысы келгенімен, бұл мүмкін болмады. Себебі еліне адал қызмет етемін деген, көзі ашық, көкірегі ояу интеллигенция өкілдері, елінің болашағы үшін бастарын қатерге тіксе де аянып қалмады.

1903 жылы Санкт-Петербург институтын тәмамдаған, қазақтан шыққан тұңғыш заң магистрі – Жақып Ақбаев еді. Бар назарын оқуға салуға тырысса да, саясатқа араласпау жөнінде қолхатқа қол қоя тұра, әділетсіздікке көз жұма қарай алмай, студенттік кезінен патша үкіметі өкілдерімен арада қақтығыстар орын алды. Тіпті оның оқу орнының ректорына Семей вице-губернаторы, Семей округтік соты прокурорының

жолдаған хабарламасы дәлел бола алады. Алайда шенеуніктердің Ж.Ақбаев туралы мәліметтерінің ешбір әсері болмады. Керісінше, болашағы зор, қабілетті студентке ректоры А.Х.Гольмстеннің өзі магистрлік диссертация жазуында ғылыми жетекші болды. Жақып Ақбаевтың болашақта өкімет орындарымен мұндай қақтығыстары көп болды. Бірақ оның барлығы бұлай сәтті аяқталмаған болатын. Шындығына келгенде, Жақып Ақбаев мәселенің тек паракор - шенеуніктерде емес, тұтастай мызғымай қала берген жүйеге байланысты екенін түсінді [6, 14 б.].

Ұлттың өзін-өзі билеуі, халықтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, отаршылдық жүйені сынап отырып іргелі проблемаларды көтере білді. Сол мәселелерді көтеріп, баспасөзді негізгі қару ретінде пайдалана отырып, халыққа үндеу жариялайды. Оның «Санкт-Петербургские новости» газетінде басылған мақаласын «Дала уәлаяты» газеті де жариялаған болатын. Осы жылдары оның болашақ серіктері Әлихан Бөкейханов, Тұрлыбек Айдарханов, Мұхамеджан Тынышбаев та Петербургта оқып жүрген еді. Олардың басын біріктірген – ұлт мүддесі болды. Себебі патша үкіметі Дала ережесінде халықтың құқықтары мен мүмкіндіктеріне шектеу жасады. Халық арасында отаршылдықтың мән-мағынасын түсіндіретін, даладағы озбырлық пен қылмыстың кең таралғанын қорықпай жаза алатын адам болмағанынан еді.

Патша үкіметінің отаршыл саясаты гүлдеу шегіне жетті. Осының бәрін көре тұрып өзінің азын-аулақ біліміне қарамастан, қолымдағы барыммен ар-намысы аяқ асты болған сорлы халқыма көмектесуді өз борышым санадым», - деген ұлт зиялылары 20 ғасырдың басынан қоғамдық-саяси қызметке біраз дайындықпен келіп, белсенді түрде араласа бастады [2, 91 б.].

Қазақстан жерінде алғаш саяси-азаттық қозғалыстардың пайда болуына жер аударылып келген орыс революционерлері де әсерін тигізді. Сонымен қатар, 1905 жылғы алғашқы орыс революциясы да қазақ азаттық қоғамының жаңа кезеңінің басталуына себеп болды. Орал, Қарқаралы, Павлодар жерлерінде манифестациялар ірі болды. Оралда Б.Қаратаев пен Ж.Сейдалиев, Қарқаралыда А.Байтұрсынов, М.Бекметов, Ж.Ақбаев және т.б. ерекше белсенділік танытты. 1905 жылы Ж.Ақбаев Павлодар - Қарқаралы бағыты бойынша үгіт жүргізу сапарына шығып, жергілікті әкімшілікті қайта сайлауды талап етіп, сөз сөйледі. 1905 жылдан бастап, А.Байтұрсынұлы, К.Тоғысов, Е.Итбаев сияқты қазақ зиялыларының ұйымдастыруымен әйгілі Қарқаралы оқиғалары бастау алды. Оның үлгісі:

#### **Ұлы мәртебелі император ағзамға**

*Министр А.Г.Булыгинның жасаған жобасын қолдап, Омбыда генерал Сухотин бастаған атқамінерлер қазақтарды Земский соборға қатыстырмау жөнінде шешім алыпты. Мұндай жетесіз шешім Қыр өлкесінің негізгі халқы болып табылатын қазақтардың тіршілік ерекиеліктерімен және халық ретіндегі ерік-қалауымен үш қайнаса сорпасы қосылмайды.*

*Қытайдан Ауғанстанға дейінгі ұлан-байтақ жерді алып жатқан қазақтар өзінің бүкіл тағдыры мен өмірлік мүдделерін Мемлекеттің тағдырымен байланысты деп санайды және өзін басқа халықтармен тең праволы деп есептейді. Сіздің, патша Ағзам, халық сеніміне ие болған, лайықты адамдарды мемлекет билігіне қатыстырмақ ниетіңізді білуші едік. Демек, алты мил-лион қазақ халқы ерекше құқықсыз, заңсыз тобырға жатқызып қою - қарапайым ғана әділдік пен ақиқатқа қиянат емес пе?*

*Біздің мал шаруашылығымен айналысатынымыз рас, мал бағып, көшіп жүретіміз де рас. Бірақ, кейбір ұлықтар ойлағандай дала кезіп, жөн-жосықсыз қаңғып жүрмейміз. Осы үшін ғана мемлекет билігіне сайлану сияқты аса маңызды саяси праводан айырылуымызды қалай түсінеміз?*

*Мал шаруашылығымен айналысты деп қазақты сайлау правосынан айырасыз, ал сауда істейтін, диқан, балықшы және басқа кәсіп иелерінің сайлау правосы сақталып қалғанын қалай түсінеміз? Шынында, Ресей империясының құрамындағы халықтар білімі мен мәдениеті жағынан әрқилы, солардың ішінде қазақтар алдыңғы орында емес екені рас, бірақ ең соңында да қалып отырған жоқ. Қазақтардың қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді орыс мұжықтарынан кем түсінетінін кім дәлелдеген екен? Оның бер жағында қазақтардан гөрі мемлекет билігіне көбірек араласуға мүмкіндік алған отырықшы бұратана елдерден біздің қай жеріміз кем? Қазақтардың мүддесін кім қорғайды? Олардың мұң-мұқтажын кім біледі, халықтың өзі сайлаған өкілдері болмаса, сол халықтың тілегі мен қажетін өтеудің жолдарын кім көрсетеді?*

*Алдияр, мынаған сеніңіз: біз, қазақтар осынау үлкен жұ-мысқа дайындығымыз басқалардан кем деп есептемейміз. Бірақ бізді танығысы келмейтіндер көп, бізді төмен санайды, бюро-краттар, ұлықтар бізге кеуде көтеріп, кемсіте қарайды; біз бұдан көп қорлық көріп жүрміз.*

*Қалай дегенде де бізді әлдекімдердің танығысы келмейтініне жсауапты емеспіз.*

*Жоғарыдағыларды айта келіп, патша Ағзам, Сізден басымызды иіп сұраймыз: Сайлауға қатысуға ерік беріңіз, мемлекет билігінде қазақтар болса ғана біздің мұң-мұқтажымыз ескеріледі және шешіледі. Сонда ғана біз, қазақ халқы, Империяның басқа халықтарымен тең екенімізді сезінеміз».*

#### **Қарқаралы уезінен сайланған 42 өкіл қол қойды [7].**

Петицияның ең маңызды мәселесі - жер мәселесі деп есептелді. Қазақ жері мемлекет меншігі болып табылады деген заңды бекітіп, соның салдарынан қазақ даласына қоныс аудару қозғалысы басталғандығын айтып, үкімет алдына мынадай талаптар қойған болатын:

1. Ар-ождан бостандығы, діни сенім-наным бостандығы, Қыр өлкесінің қазақтары үшін сайланып қойылатын ерекше діни басқарма, басқа мекемелерге тәуелді болмай, мектептер мен мешіттер ашу тәртібі, туу туралы тіркеу тәртібін діни басқарма орындарына беру, шетелге шығатын паспорт берудің заңды тәртібін белгілеу.

2. 1902 жылдан бастап Қыр өлкесінде қазақтың ұл балаларына арналып ауыл мектептері ашылды. Бұл мектептерде қазақ сөздерін орыс тілінде жазуды үйретті. Сол себептен де көптеген қазақ отбасылары бұл мектептерге балаларын беруге қарсылық білдіріп отыр. Соның әсерінен алғашында әкімшілік қысымымен тек кедейлердің балалары мен жетімдер ғана оқыды.

3. Қазақ халқының күнделікті қажетін жария етіп отыруы үшін қазақ тілінде газет шығарылсын, ол үшін цензурасыз газет шығаруға және баспахана ашуға ешқандай бөгет жасалмасын.

4. Соңғы 15 жыл бойы Дала өлкесін отарлау жүріп жатыр. Жыл өткен сайын қазақтардың иелігіндегі жер азайып келеді. Мал шаруашылығы өз табиғатына сай экстенсивті болмасқа шарасы жоқ, сондықтан да ол өмір сүруі үшін кең жайылымдарды талап етеді. Ал қоныс аударушыларға бөлінген учаскелер үшін ең шұрайлы жерлер мен тұщы су көздері тартып алынуда. Сондықтан да қазақтар иеленіп отырған жерлерді олардың меншігі деп тану шарт.

5. Қыр өлкесі мемлекеттік меншік басқармасы қазақтарды ата қонысынан ығыстырып, жерді қазынаға алуда. Демек, қазынаға алынған жерлерден қазақтар қуылмасын, екі ортада жік шекарасы қалдырылсын, оның иінін өлшеуге мөлшерлеуге қазақтар қалдырылсын» деген петиция үзіндісінен-ақ Жақыптың өз еліне деген сүйіспеншілігін, заңдық тұрғыда талаптар қоя білу ерекшеліктеріне баса назар аударуға болалы. Бұл талаптардың негізгі бөлімдері кейін Алашорда үкіметінің бағдарламасында қолдау тапты [2,58 б.].

Осы құжаттың жасалуы туралы мәлімет жетісімен, жоғарыда атап көрсетілгендей, Омбыдан Қарқаралыдағы уезд басшысына петицияны ұйымдастырушыларды анықтап, іс қозғау жөнінде Дала генерал - губернаторлығына құпия жеделхат жолданды. Құпия түрде жүргізілген тексеру бойынша петицияны ұйымдастырушылар Қарқаралы уезіне қарайтын 21 болыстың әрқайсысынан 1-3-тен адам аттары көрсетілген. Олардың ішінде: Қу болысынан-Мұсатай Тәттімбетов және Мақат Ақаев (атақты күйші Тәттімбеттің баласы), Ақбай Жандеркин (Жақып Ақбаевтың әкесі, заңгер). Балқаш болысынан - Нарманбет Орманбетов сияқты тұлғалардың қол қойғандығы анықталды

Сонымен қатар, Семей облысына қарасты Қарқаралы уезінен халық арасында кеңінен танымал беделді адамдар да қол қойды. Олар:

1. Абыралы болысынан: Мұса Құлбаев, Сүлеймен Қойсоймасов.
2. Ақбота болысынан: Жүсүп Құлбатыров, Бектібай Ботабаев.
- 3.Берлі болысынан: Толмұхамет Алтынторин, Рақия Сатпаев.
- 4.Дегелең болысынан: Керімхан Төлебаев, Тышқанбай Қашақов.
5. Темірші болысынан: Секербай Қанғожин, Осман Жанғабылов [2, 56 б.].

Қарқаралы петициясының тарихи орнына келсек, ол құжат авторларының сапалы жаңа даму сатысына аяқ басқан қазақ азаттық қозғалысының ең негізгі талап-тілектерін тұңғыш рет тұжырымдап, қалыпқа салып, патшалық билік алдына қойып, сол арқылы қазақ елінің өз еркіндігі үшін күрес жолына түскендігін ашық-анық білдіруінде еді. Кейінірек оған Семей және Ақмола облыстарының басқа да уездеріндегі қазақтар қосылды. Петиция Қарқаралы қаласынан жіберілген еді. Ол жерден 1905 жылығы 22 шілде күні жергілікті пошта-телеграф арқылы патшаның өз атына жолданды. Петицияны жазуға белгілі саяси қайраткерлер Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, Ж.Ақбаев тағы басқалары белсене атсалысты [8].

Патша үкіметі қазақ зиялыларын назардан тыс қалдырмай, оларды саясаттан, әсіресе Қарқаралы жерінен алшақ әкетуге тырысты. 1905 жылғы 29 қазандағы Омбы сот палатасының жалпы жиналысының ұйғарымымен Ж.Ақбаев қызметінен босатылды. Оған ұлтаралық араздыққа шақырды деген айып тағылып, іс қозғалады. Ол ақталып шыққан күннің өзінде ендігі жерде ол үшін мемлекеттік органдардың есігі мүлде жабылды. Ж.Ақбаев биліктілігі жоғары заңгер және практик ретінде тергеу әдістерін жақсы білетінінен, тағылған айыптардың көбінің бұрмалаушылыққа ұшырап, негізсіз екені жайлы дәлелдер келтіреді. Сол себепті де сот процестерінде жеңілдіктер орын алды [2,56 б.].

«Мемлекеттік тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті сақтау жөніндегі шаралар туралы Ереженің 32-36 баптары негізінде полицияның жария бақылауымен 5 жыл мерзімге Якутск облысына жер аударумен адмастыру» жөнінде өтініш жолданған болатын. Бірақ Ереженің 34-бабына сәйкес құрылған ерекше кеңес Жақып Ақбаев туралы мән-жайды қарап, оны Якутск облысына жер аудару үшін негіз жоқ деп ұйғарды. Ішкі істер министрі Ақбаевты астанадан, Дала генерал-губернаторлығынан басқа өзі тандап алған тұрғылықты жерінде, мерзімін 2 жылға қысқартқан болатын. Ж.Ақбаев тұрғылықты жеріне Жетісу облысының Қапал қаласын тандап алды. Бірақ бұл жерде де патша үкіметіне қарсы әрекеттерін тоқтатпады [2, 48 б.].

Осылайша, петициялар беру, соның ішінде "Қарқаралы петициясы", XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстанның саяси өміріндегі аса маңызды кезеңдерінің бірі болды. Оларда қазақ қоғамының өмірлік маңызы неғұрлым өткір проблемалары нақты да қысқаша тұжырымдалған түрде баяндалды.

Петицияның мәтінін жазғандар батылдық пен ұйымшылдықтың үлгісін танытты. Соның нәтижесінде қазақтар Ресейдің І-ші және ІІ-ші Мемлекеттік думаларына депутат болып сайлана алу мүмкіндігіне ие болды [9].

Отаршыл өкімет орындары саяси аренаға қазақ халқының алдыңғы қатарлы өкілдерінің шығуы халықтың ояну белгісі болатынын айқын да анық түсінді. Сондықтан олар өз қарсыластарының қызметін өрістетуге мүмкіндік бермеу үшін қажетті шаралардың бәрін қолданып, оларға жазалау шараларының қандайын болса да қолданудан тайынбады. Бірақ өздерінің өмірін, қабілеті мен іс-қимылын халық мүддесіне арнауға бел байлаған елжанды азаматтарды ешнәрсе тоқтата алмады. Сондай ерлеріміздің бірі Жақып Ақбаев

бүкіл ғұмырын туған халқының тәуелсіз болашағына арнаған, барша күш-жігерін осы мақсатқа жұмсаған, Алаш үшін жанын пидә еткен қазақ елінің біртуар қайраткері 1934 жылы 4 шілдеде көз жұмды.

Жақып Ақбаевқа арналған алғашқы еңбекті оның қызы – қазақ қыздары арасындағы тұңғыш заң ғылымының кандидаты Аспазия Жақыпова жазды. 1967 жылы ҚазМУ ғылыми еңбектерінің жинағында тұңғыш құқық магистрі туралы егжей – тегжейлі мақала жарияланды. Бұл Жақып Ақбаевтың қараланған атын жұртшылық алдында өзінше бір ақтау болып саналды. Кейіннен бұл істер аяқсыз қалып, 90-шы жылдары қайта жаңғырды [10, 608-609 бб.].

Қорыта келе, Ж.Ақбаевтың Қарқаралы петициясын жазудағы орасан зор рөлі, баршамызға мәлім. Таланты алуан қырлы болған, ұлт мүддесін биік қойған қазақ зиялысы, халқының тәуелсіздігі жолындағы қажырлы күрескер Жақып Ақбаевтың есімі тәуелсіз Қазақстан тарихынан ойып тұрып орын алуы қажет. Әрбір елім дейтін азаматтардың бойынан да дәл осындай отансүйгіштік қасиеті табыла білсе, ел еңсесі қашан да биік, тұғыры берік болып, қарыштап дами бермек!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. //Семипалатинский листок. 1905ж. 8 желтоқсан.
2. Бейсенбекова Н.А. «Алаш» қозғалысының тарихы: оқу құралы / Н.А.Бейсенбекова, Л.К.Шотбакова, Қ.С.Өскенбаев. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2018. -276 б.
3. Әбдиманұлы Ө. Ахмет Байтұрсынұлы: зерттеу-эссе. - Алматы, 2007.
4. Рысқұлов Т. Избранные труды. -Алма-Ата: «Казахстан», 1984. -259 с.
5. ҚОМА. Қор 1679, Тізбе 1, Іс 5, 1-2п.
6. Құл-Мұхаммед М. Алаш ардагері. Ж.Ақбаевтың саяси- құқылық көзқарастары. -Алматы: Жеті жарғы, 1996. – 224 б.
7. Электрондық ресурс: <https://abai.kz/post/4392>
8. Заң магистрі Жақып Ақбаев. // ҚР жоғарғы сот жаршысы. 1994. - №2, 23-25 бб.
9. Қазақ ССР тарихы. 5 томдық. 3-т., -388 б.
10. Ақбаев Ж. Қарағанды. Қарағанды облысы. Энциклопедия. - Алматы, 1990.

## **ТҰРАҚТЫ ЖАРЫҒЫН КӨПКЕ ШАШҚАН АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫНА ҚОСҚАН ӘЛЕУЛІ ЕҢБЕКТЕРІ**

Ермалақ К.К.

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.м., аға оқытушы Медиева С.Х.  
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
[ermalakova\\_kunsulu.b-19@mail.ru](mailto:ermalakova_kunsulu.b-19@mail.ru)  
Қарағанды қ.

Қазақстанда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси алмасулар тәуелсіздігімізді одан әрі қамтамасыз ету үшін, ұлтымыздың тізгінін берік ұстауға қабілетті, парасатты ұрпақты тәрбиелеп шығаруды талап етеді. Қоғамдық сананың өзгеше формасы болып есептелетін тарихи сананы қалыптастыратын тек тарих қана. Тарихи сананы қалыптастыру міндетін, Қазақстан педагогикасының тарихи жолдарын анықтау міндетін шешу, өткен тарихи жолдардағы педагогикалық бай тәжірибені зерттеу арқылы іске асады. Ғасырлар бойы жинақталып келе жатқан қазақ халқының бай рухани қазынасын және ғұлама ғалымдардың еңбектерін, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ой-пікірлері мен тәрбие туралы жазып қалдырған мұраларын жіктеу бүгінгі таңда жалпы ғұмырнамалық проблема болып табылады. Сондықтан халқымыздың өткен тарихындағы озық педагогикалық идеяларды ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан қарап, бүгінгі ұрпақты жан-жақты, саналы, бәсекеге қабілетті тұлға ретінде қалыптастыруға пайдалану керек. Осы тұста болашақ мамандарды тарихтың ақтаңдақ беттеріне айналған қазақ зиялыларының педагогикалық идеяларына сүйене отырып оқыту мен тәрбиелеу өзекті мәселе болып табылады. Ал, қазақ зиялыларының еңбектері, жазып қалдырған бай мұрасы мәдениеттанушылардың, философтардың, тарихшылардың, әдебиетшілер мен педагогтардың басты назарында екені бәрімізге мәлім. Сондай-ақ біздің мақсат сол тұлғалардың педагогикалық мұралары бойынша жарық көрген зерттеу жұмыстары мен шығармаларын жинастырып, оларды жүйелеп, саралап, еліміздегі үздіксіз білім беру жүйесінің оқу-тәрбие үдерісіне енгізу.

Жалпы әр халықтың өзіне тән, тарихи-әлеуметтік даму ерекшеліктері мен өмір-тіршілігіне, тұрмыс-салтына, дәстүріне байланысты дүниетанымдық, рухани-әлеуметтік, мәдени құндылықтары қалыптасады. Қазақ халқының ойлау жүйесіне, рухани танымына ерекше үлес қосқан, тұлға болмысына лайықты шығармашылық, өнер иелері жазып қалдырған мұраларындағы педагогикалық идеялар мен көзқарастарының маңызын зерделеп, оқыту мен тәрбиелеу үдерістерінің ұлттық мазмұнын арттыру бағытында көптеген еңбектер жарық көрді. Солардың ішінде алаш қайраткерлерінің педагогикалық мұралары негізінде ұлттық тұлғаның қалыптасуы ерекше көзге түседі. Қазақстанда ұлттық тұлға қалыптастырудың тұжырымдамасын жасаған алаш